

«Инклюзивті және арнайы білім беру хабаршысы» ғылыми-педагогикалық журналының авторларға арналған ережелері

Мақаланы жариялау шарттары:

- Ғылыми зерттеулердің тұтастығын қамтамасыз ету үшін авторлар ғылыми жарияланымдардың халықаралық стандарттарын ұстануы қажет.

- Мақала ұсынылған кезде автор мақаланың түпнұсқа екендігіне және бұрын басқа дереккөзде ағымдағы немесе ұқсас түрде жарияланбағанына, мақала басқа баспагерлерге берілмегеніне кепілдік береді. Басқа тілдерде жарияланған мақалалардың аудармалары қабылданбайды.

- Зерттеу нәтижелері бұрмаланбаған, нақты мәліметтермен болуы керек, материалдарды жинау, іріктеу және өңдеудің тәртіптік ережелері сақталуы керек.

- Мақалада авторлардың орналасу тәртібін авторлардың өздері анықтайды және редакцияға тапсырғаннан кейін өзгеріссіз қалады. Редакциялау кезеңдерінде авторларды қосуға немесе жоюға жол берілмейді. Мақала қабылданғаннан кейін авторларды өзгертуге рұқсат етілмейді.

- Журналдың шығарылымына 1 автордан не тең авторлар ұжымы құрамындағы сол автордан бір қолжазбадан артық емес рұқсат етіледі.

- Бір мақаланың тең авторларының саны – 4-тен аспайды.

- Мақаланың өзіндік бірегейлік дәрежесі кемінде 70% - (құрауы тиіс (редакциялық алқаның шешіміне сәйкес)).

- Егер мақалада балаларды зерттеуге байланысты мәселелер қозғалса, этикалық комитеттің қорытындысын ұсыну қажет.

Басым бағыттар:

1) Инклюзивті және арнайы білім берудің теориясы мен әдіснамасы;

2) Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;

3) Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытудағы инновациялық әдістер мен цифрлық технологиялар;

4) Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істейтін педагогтардың кәсіби құзыреттілігі мен даярлығы;

5) Инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы пәнаралық зерттеулер.

Жарияланым тілі: қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, неміс тілі, француз тілі, түрік тілі.

Мақалаларды рәсімдеуге қойылатын талаптар

1. Жалпы ережелер

Ғылыми мақаланың құрылымы төмендегідей бөлімдерден тұрады:

- атауы,
- аңдатпа (аннотация),
- түйінді сөздер,
- негізгі ережелер,
- кіріспе,
- материалдар мен әдістер,

- нәтижелер,
- талқылау,
- қорытынды,
- қаржыландыру туралы ақпарат (болған жағдайда),
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Мақаланың көлемі (атау, авторлар туралы мәлімет, андатпа, түйінді сөздер мен әдебиеттер тізімін есептемегенде) кемінде **2 000 және ең көбі 5 000 сөз** болуы тиіс.

Мақалалар **Microsoft Word** форматында ұсынылады. Редакцияға мақаланың **электрондық нұсқасы** тапсырылады.

2. Пішімдеу және техникалық талаптар

- Пішім – *Microsoft Office Word for Windows*.
- Қаріп – *Times New Roman* (орыс және ағылшын тілдерінде), *KZ Times New Roman* (қазақ тілінде).
- Негізгі мәтін қарпі – **14 кегль**, түсі – қара.
- Шеттері: сол жақ – 30 мм, оң жақ – 15 мм, жоғары – 20 мм, төмен – 20 мм.
- Мәтіннің туралануы – бет ені бойынша.
- Абзацтық шегініс – 1,0.
- Жоларалық интервал – 1,0.
- Абзацтар арасында қосымша аралықтар болмауы тиіс.
- Стилдерді, бағандарды және өрістегі ескертпелерді қолдануға болмайды.
- Қолданылатын ерекшелелулер: *курсив, жартылай қалың қаріп*.
- Дефис пен сызықша (тире) ажыратылуы тиіс.

Кестелер мен формулалар:

- Иллюстрациялар (суреттер, кестелер, сызбалар) мәтін бойынша орналастырылады.
- Электрондық нұсқадағы суреттер *TIF* немесе *JPG* форматында, рұқсаты кемінде 300 dpi болуы қажет.
- Математикалық формулалар *Microsoft Equation Editor* бағдарламасында терілуі тиіс (әр формула – жеке объект).

3. Мақаланың құрылымы

1. **ҒТАМР (Ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекетаралық айдары)** – <https://grnti.ru/>
2. **Мақала атауы** – үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын), жартылай қалың әріппен.
3. **Автор(-лар)дың аты-жөні мен инициалдары** – үш тілде (жартылай қалың әріппен).
4. **Аффиляция** – жұмыс немесе оқу орны, қала, ел (үш тілде).
5. **Андатпа (аннотация)** – зерттеудің мақсаты, негізгі нәтижелері және қорытындылары қысқаша беріледі.
 - Көлемі: *150–300 сөз*
 - Қаріп: *курсив, 12 кегль, қалың емес*
 - Андатпа мазмұнды және құрылымды болуы тиіс, үш тілде беріледі.

6. **Түйінді сөздер** – 4–8 сөз немесе сөз тіркесі (әр тіркесте 3 сөзден аспауы керек), маңыздылығы бойынша реттеледі.

4. Мақаланың негізгі бөлімі

1. **Кіріспе** – бұрынғы және ұқсас зерттеулердің нәтижелері, әдістері мен өлшем параметрлері көрсетіледі.

2. **Материалдар мен әдістер** – пайдаланылған материалдардың сипаттамасы, зерттеу барысы және әдістері толық жазылады.

3. **Нәтижелер** – тәжірибелердің кезеңдері мен аралық нәтижелері, математикалық, физикалық немесе статистикалық тұрғыдан негіздемелері келтіріледі. Нәтижелер кесте, сызба, график, диаграмма және басқа да көрнекі түрде ұсынылады.

4. **Талқылау** – алынған нәтижелердің талдауы, бұрынғы зерттеулермен салыстыру және ғылыми тұрғыдан түсіндіру.

5. **Қорытынды** – зерттеу барысында анықталған негізгі жетістіктер мен заңдылықтар келтіріледі (автор тарапынан түсіндірмесіз).

6. **Алғыс / қаржыландыру туралы ақпарат** – болған жағдайда беріледі.

7. **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі** – тек мақала мәтінінде келтірілген дереккөздер қамтылады.

5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

– Тізімге *PubMed*, *Scopus*, *Web of Science* сияқты халықаралық ғылыми базалардағы дереккөздер және отандық еңбектер енгізілуі тиіс.

– Барлық сілтемелер тік жақшада көрсетіледі.

– Кирилл қарпіндегі дереккөздер екі нұсқада беріледі:

1. түпнұсқада,

2. романизацияланған нұсқада (*References*).

References (14 кегль) рәсімдеу тәртібі:

Автор(лар) (транслитерация) → мақаланың атауы (транслитерация) → [мақаланың атауының ағылшынша аудармасы шаршы жақшада] → дереккөз атауы (транслитерация немесе ағылшынша нұсқасы) → шығу деректері.

Ұсынылатын сайттар:

– <https://translit.ru> (орыс тілінен)

– <https://qazlat.kz> (қазақ тілінен).

6. Авторлар туралы мәлімет

(«Біздің авторлар» бөліміне жариялау үшін; үш тілде беріледі)

1. **Қазақ тілінде:** аты, әкесінің аты және тегі; ғылыми атағы мен дәрежесі (бар болса); лауазымы; жұмыс орны; қала, ел; электрондық пошта (e-mail); телефон нөмірі.

2. **Орыс тілінде:** имя, отчество и фамилия; ученое звание, степень (при наличии); должность; место работы; город, страна; e-mail; телефон.

3. **Ағылшын тілінде:** name, patronymic and surname; academic title, degree; position; organization; city, country; e-mail; phone.

Автордың аты-жөні атау септігінде беріледі.

7. Нормативтік сілтемелер

Ғылыми мақалалар төмендегі мемлекеттік стандарттарға сәйкес рәсімделеді:

- **ГОСТ 7.5-98** – «Журналдар, жинақтар, ақпараттық басылымдар. Жарияланатын материалдарды баспаға дайындау ережелері»;
- **ГОСТ 7.1-2003** – «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар мен құрастыру ережелері».